



САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНЕ АРНАҒАН

3 - бетте



ТАНИСТЕР ШТАТТЫҚ ҚАРУДАН ОҚ АТТЫ

5 - бетте



ПОЛВЕКА В СТРОЮ

6 - бетте


facebook.com/sarbaz.kz
instagram.com/sarbaz.kz
vk.com/sarbaz.kz
[twitter / @SarbazKz](https://twitter.com/SarbazKz)

WWW.SARBAZ.KZ



АҚПАРАТТЫҚ- ТҮСІНДІРУ ТОБЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРІНДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕРІ

Қорғаныс министрлігінің ақпараттық-түсіндіру тобы тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің өкілі полковник Бисен Жақыповтың басшылығымен Тобыл, Қостанай қалаларында болды.



Қорғаныс ведомствосының өкілдері Тобылдағы Нұржан Наушабаев атындағы жалпы білім беретін мектепте, Бауыржан Момышұлы атындағы №95 мектепте және Қостанай қаласындағы №28 мектеп-гимназияда болып, ерлік сабақтарын өткізді. Бұдан бөлек, олар Қостанай ауыл шаруашылығы колледжінің студенттерімен, қалалық қорғаныс істері басқармасының жинау пунктінде әскерге шақырылушылармен кездесті.

Іс-шараға қатысушыларға Қарулы Күштердің елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі маңызы және әрбір ер азаматтың әскери қызмет өткеру міндеті туралы айтылды.

– Отан қорғау жолында тұрған қазақ батырларының аңызға айналған есімдері елдің есінде. Бұл тамырын тереңге тартқан асыл миссияны жас ұрпақ жалғастыруға міндетті. Әскерде сіздер әскери-есептік және азаматтық өмірде қажет болатын мамандықтарды игеріп қана қоймай, шынығып-шымыр бола түсесіздер, – деп атап өтті ақпараттық-түсіндіру тобының жетекшісі полковник Бисен Жақыпов.

Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің өкілі полковник Ерболат Әделбаев жастарға әскери борышын өтеген соң жоғары оқу орнына түсерде пайдалана алатын жеңілдіктер мен артықшылықтар туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Әскерде қызмет еткен азаматтар запасқа шығарылғаннан кейін екі жыл ішінде ЖОО-ға ҰБТ тапсырмай, ақылы негізде оқуға түсе алады. Ал жауынгерлік даярлықта үздік нәтиже көрсеткен және әскери жарыға мүлтіксіз бағынатын қызметтік міндеттерін үлгілі орындайтын әскери қызметшілердің жоғары оқу орнының грантын пайдаланып, тегін оқуға құқығы бар. Биыл азаматтардың осы санаты үшін 3 мың орын бөлініп отыр.

Іс-шаралар барысында мектептер мен колледждерде және қорғаныс істері жөніндегі мекемелердің шақыру пункттерінде Қарулы Күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Орталық ансамблі мен Ұлттық ұланның ән-би ансамблі шығармашылық ұжымдарының күшімен дайындалған концерттер ұйымдастырылды.

Мемлекеттік әскери-тарихи мұражай Қарулы Күштердің құрылу тарихына, сондай-ақ соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігіне арналған экспозициялар ұйымдастырды.

Қорғаныс министрлігінің өкілдері облыс орталығында тұратын 150 артиллериялық полк құрамында 1-ші, 2-ші Украин, Беларусь майдандарындағы шайқастарға қатысқан Ұлы Отан соғысының ардагері Виктор Малыгинге арнайы барды. Әскери қызметшілер орденді майдангерге ерлігі мен өміршеңдігі үшін алғыс айтты. Виктор Михайлович үшін ол тұратын үйдің ауласында Ұлттық ұлан ансамблінің өнерпаздары соғыс жылдарындағы әндерді орындады.

Құрметті әскери теңізшілер!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қарулы Күштердің басшылығы, өз атымын Сіздерді, барша ардагерлерді Әскери-теңіз күштерінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік тірегіне айналған Қарулы Күштердің Әскери-теңіз күштері Қазақстанның Каспий теңізі секторында егеменді еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін, тәуелсіздігін мен ел тұтастығын сақтау жолында қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Әскери теңізшілер өздеріне артылған сенімді абыроймен орындап, оқу-жауынгерлік міндеттерді атқаруда кәсіби шеберлік танытып келеді. Құрылған уақыттан бастап отыз жыл ішінде қарт Каспийдің атырабында ұйымдастырылған барлық кешенді жаттығуларда Сіздер білікті маман екендеріңізді байқатып, сенімге селкеу түсірген емессіздер.

Мерейлі кәсіби мейрамда баршаңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, қызметте қырағылық, өмірде үлкен белестерді бағындыруда сәттілік тілеймін.

Уважаемые воины-моряки!

Поздравляю Вас, ветеранов и гражданский персонал с Днем образования Военно-морских сил Независимого Казахстана!

Вы являетесь свидетелями тому, что благодаря пристальному вниманию высшего руководства страны и государственной поддержке сегодня Военно-морские силы состоялись как современный и боеспособный вид войск.

За время своего существования Военно-морские силы внесли значительный вклад в процесс становления и развития нашей страны, укрепления обороноспособности, охраны и защиты морских границ нашей Родины.

Воины-моряки сегодня с достоинством и честью выполняют учебно-боевые задачи по обеспечению защиты суверенитета и территориальной целостности нашего государства, вносят достойный вклад в обеспечение национальной безопасности.

Чувство высокой личной ответственности за судьбу страны, помогающее преодолеть все трудности и преграды, любые тяготы и лишения воинской службы, остаются с воинами ВМС навсегда.

Уверен, что личный состав Военно-морских сил будет и впредь отдавать все свои силы, знания и умения для решения поставленных задач, всегда будет образцом в выполнении воинского долга, крепить и умножать славные боевые традиции военных моряков, воинов-казахстанцев старших поколений.

Желаю всем военнослужащим, гражданскому персоналу и ветеранам Военно-морских сил крепкого здоровья, счастья, успехов в повышении боевого мастерства, выполнении воинского и конституционного долга на благо нашей Родины – Республики Казахстан!

С уважением,
Министр обороны Республики Казахстан
генерал-полковник Р. Жаксылыков

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ РОТАЛЫҚ ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ АЯҚТАЛДЫ

Аталмыш шара командирлердің бөлімшелерді басқару дағдыларын жетілдіруге, әскери қызметшілердің оқу-жауынгерлік міндеттерін орындау кезінде олардың үйлесімділігін, кәсіби шеберлігі мен далалық машығын арттыруға бағытталған.

Ротаны дайындау – әскерлерді оқытудағы жауапты кезеңдердің бірі. Рота, батарея – бұл армияның күшін біріктіріп, жылжымалы және басқаруға жеңіл бөлімшелерден құралған, ұрысқа шыңдалған әскери бірліктер.

Ротаның тактикалық дайындығын қазіргі заманғы ұрыстың талаптары мен шарттарына дейін көтеру шағын бөлімшелер құрамындағы іс-қимылды ұдайы пысықтау жолымен жүзеге асырылады.

Роталық тактикалық жаттығулар бірнеше кезеңдерде өткізіледі, атап айтар болсақ: «дабыл» бойынша көтерілу, белгіленген ауданған марш жасау және жүктелген оқу-жауынгерлік тапсырмаларды тікелей орындау.

Маңғыстау облысының «Оймаша» полигонында оқу-жаттығуға 800-ден астам әскери қызметші қатысып, 70-ке жуық әскери техника жұмылдырылды. Артиллериялық есептоптар, инженерлік-саперлік, танк бөлімшелері, жауынгерлік ӘШҚҚ есептоптары, атысты қолдау ротасының жеке құрамы және РХБ қорғау мамандары жұмылдырылған.

– Әскери қызметшілер қорғаныс және шабуылда тактикалық іс-қимылдарды пысықтады. Тапсырмалар күндіз және түнде әртүрлі жерде, елді мекендерде орындалды, – деді 25744 әскери бөлімінің штаб бастығы подполковник Сергей Бибулатов.

Оқу-жаттығулар «Майлин», «Мәтібұлақ» және «Көктал» полигондарында да өтті. Аягөз гарнизонында олар танк және мототықштар бөлімшелерімен өткізілді. Жауынгерлік даярлық шараларына тірек пунктіннің инженерлік жабдықтары, қорғаныс пен шабуылда тактикалық әдістерді пысықтау, РХБ бөлімшесінің іс-қимылдары және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері кірді.

Гвардейск гарнизонында оқу-жауынгерлік міндеттерді орындау барысында танкистер, артиллеристер мен мототықштар шартты қарсыласты жою, взводтың тірек



пунктің басып алу, қарсы шабуылға тойтарыс беру және атыс позициясын өзгерту сияқты тактикалық маневрлерді орындады.

Бөлімшелердің командирлері мен жеке құрамы штаттық, берілген және қолдаушы атыс құралдарының барлық түрлерінен нақты атыс жүргізе отырып, жауынгерлік міндеттерді орындауға машықтанды, түрлі әскер

тектерінің бөлімшелері қаруымен қарсыласты жеңуі және өзара үздіксіз байланысы іс жүзінде шыңдалды. Жауынгерлік атыс бір немесе бірнеше оқу-жаттығу кезеңдерінде әртүрлі ұрыс сипатында іске асырылады.

Полигондарда барлығы 7500-дің үстінде әскери қызметші қатысқан 500-ден аса роталық тактикалық оқу-жаттығулар өткізілді.

СОБЫТИЯ И ФАКТЫ

КУРС ПО ТЕМЕ «ПРАВА
ВООРУЖЕННЫХ КОНФЛИКТОВ»

В Центре миротворческих операций г. Алматы согласно плану двустороннего сотрудничества между Министерством обороны и миссией Международного комитета Красного Креста в Республике Казахстан организован курс о правах вооруженных конфликтов.

На церемонии открытия курса начальник Центра миротворческих операций Министерства обороны полковник Бауржан Нигметуллин поблагодарил представителей миссии Международного комитета Красного Креста за вклад в повышение уровня осведомленности военнослужащих в области международного гуманитарного права.

В свою очередь, глава миссии Международного комитета Красного Креста в Республике Казахстан Жельо Лежая выразил признательность руководству

центра за предоставление площадки для проведения курса.

В ходе курса военнослужащие Вооруженных Сил, МВД, МЧС и Пограничной службы КНБ ознакомились с нормами международного гуманитарного права, применяемыми в миротворческих операциях ООН, с запрещенными средствами ведения войны, с принципами соразмерности и военной необходимости, а также защиты культурных ценностей.

По окончании курса слушатели получат сертификаты.



ГЕРОИЧЕСКАЯ СУДЬБА

В Алматы жассарбазовцы и военнослужащие Управления по делам обороны Турксибского района поздравили 99-летнего ветерана Великой Отечественной войны Василия Ивановича Зинченко с днем рождения.

Он родился 29 марта 1924 года. В 17 лет Василий Зинченко был зачислен в школу разведчиков. Пройдя специальную подготовку и овладев необходимыми навыками, получил назначение на фронт.

Прошел всю войну, участвовал в освобождении Сталинграда, принимал участие в штурме Берлина. Есть в его биографии примечательный факт: ему довелось конвоировать взятого в плен фельдмаршала Фридриха Паулюса.

Ратный труд Василия Ивановича Зинченко отмечен медалями «За оборону Сталинграда», «За победу над Германией» и другими наградами.

Во время сталинградских боев он командовал отделением. И свою встречу с немцем военачальником Паулюсом Василий Иванович помнит будто это было вчера. Победу казахстанец встретил в столице Германии. После войны он вернулся в свой дом на улице Шемякина в Турксибском районе Алматы, где его тепло встретила семья.

Жассарбазовцы и военнослужащие внимательно слушали рассказ ветерана-разведчика. Его героическая судьба будет служить им примером.

ВООЕНИЗИРОВАННЫЙ
КРОСС НА ПОЛИГОНЕ

В Жамбылской области на полигоне «Теріс-Ащыбулак» состоялся чемпионат регионального командования «Юг» по военизированному кроссу. В нем приняли участие 42 военнослужащих из разных воинских частей регионального командования: из них 14 женщин-военнослужащих.

Дина МУХАРИНОВА
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона

Пройдя предварительный отбор, военные спортсмены были признаны лучшими в своих воинских частях. В ходе чемпионата предстояло выявить наиболее подготовленных атлетов на уровне регионального командования «Юг». Победители будут делегированы на соревнования в масштабе Вооруженных Сил.

Организаторами чемпионата выступили офицеры и военнослужащие по контракту отдела физической подготовки и спорта управления боевой подготовки регионального командования «Юг». Их основной задачей в работе является пропаганда здорового образа жизни и повышение спортивного мастерства военнослужащих.

Для полноценного выполнения учебно-боевых задач все военнослужащие должны быть, прежде всего, физически развиты и натренированы, — подчеркнул начальник отдела физической подготовки и спорта РГК «Юг» майор Мадияр Бабаханов. — Поэтому мы заинтересованы в дальнейшей популяризации и развитии военизированного кросса как самостоятельного вида спорта военно-прикладной направленности.

Кроме того, соревнования дают возможность участникам чемпионата выполнить нормативы для получения спортивных званий и разрядов. Повысить квалификацию могут и спортивные судьи, обеспечивая в ходе чемпионата судейство.

Для участников состязаний на полигоне «Теріс-Ащыбулак» была подготовлена трасса с участками для осуществления стрельбы из винтовок и метания гранат. Мужчины преодолевали маршрут протяженностью 3 километра. У женщин-военнослужащих забег был короче: полтора километра. Но и для мужчин, и для женщин действовали одинаково жесткие правила: за каждую не пораженную мишень военных спортсменов ожидали штрафные стометровые круги.

На участке метания гранат также выдвигались строгие требования: мужчинам необходимо было метнуть гранату за отметку 40 метров, для девушек — за отметку 25 метров. Количество попыток: только три, и в эти три попытки спортсменам важно было сконцентрироваться и попасть гранатой в нужную отметку.

— На самом деле это нелегко — после преодоления бегом километра по полигону, на участке стрельбы из винтовок задержать дыхание и точно попасть в цель, — признается военнослужащий войсковой части 74261 Жаркентского гарнизона старший сержант Дархан Айтхожа.

Тем не менее, самому Дархану ничто не помешало выбиться в лидеры. С результатом 11 минут 25 секунд он занял первое место среди мужчин. Помогло ему в этом усилие воли, спортивное мастерство и огромное желание победить. Второе место в личном зачете занял его сослуживец сержант Есенгелди Баймураза. Его результат: 12,02 минуты. Также в тройку лидеров вошел военнослужащий горно-егерского подразделения (войсковая часть 91678) сержант Алибек Сагындык с результатом 12,34 мин.

Среди женщин в личном зачете первое место заняла младший сержант войсковой части 35748 Айгерим Калиева из Шымкентского гарнизона. Свой маршрут она преодолела быстрее всех: за 10 минут и 4 секунды. Второе место заняла ефрейтор Айгерим Садыкова из Жаркентского гарнизона (войсковая часть 74261) с результатом 10 минут 31 секунда. На третьем месте оказалась рядовой контрактной службы Сабина Смаилова из войсковой части 21450 Гвардейского гарнизона.

В общекомандном зачете первое место завоевали военные спортсмены войсковой части 74261 Жаркентского гарнизона. Второе место заняла команда войсковой части 35748 Шымкентского гарнизона. Третье место досталось команде войсковой части 85395 Таразского гарнизона.

Завершился чемпионат вручением командо-победительнице переходящего кубка командующего войсками регионального командования «Юг», а также награждением других команд и спортсменов медалями и дипломами.

— В ходе чемпионата по военизированному кроссу военные спортсмены показали хорошую спортивно-техническую подготовку, проявили стремление и волю к победе, — отметил на закрытии спортивного мероприятия начальник отдела физической подготовки и спорта РГК «Юг» майор Мадияр Бабаханов. — По итогам проведенного чемпионата сформирована сборная команда регионального командования «Юг», которая, надеемся, достойно выступит на чемпионате Вооруженных Сил.

Отдельная благодарность организаторами была выражена командованию войсковой части 91678 за качественную подготовку на полигоне «Теріс-Ащыбулак» площадку для проведения чемпионата, предоставление спортивного инвентаря, оборудования и размещение участников чемпионата.

ПРАКТИЧЕСКИЕ СТРЕЛЬБЫ ВПЕРВЫЕ
ОРГАНИЗОВАНЫ ДЛЯ ЖАСАРБАЗОВЦЕВ

Учащиеся классов «Жас Сарбаз» общеобразовательной школы №95, воспитанники военно-патриотических клубов «Киров» и имени полковника Бориса Керимбаева приняли участие в военно-полевых сборах в г. Алматы.



Мероприятия прошли на полигоне «Айтей» под руководством вице-президента Федерации практической стрельбы Алматинской области Анатолия Бычкова. В них участвовали школьники в возрасте от 12 до 17 лет.

— Такие сборы для воспитанников движения «Жас сарбаз» состоялись впервые, думаю, их необходимо перевести на системную основу, — поделился планами военный руководитель классов «Жас сарбаз» общеобразовательной школы №95 г. Алматы Бакытжан Перимбет.

На сборах школьники 12–13 лет стреляли из карабина пистолетного калибра на расстоянии 20 метров. Подростки 14 лет и старше — из автомата Калашникова на 50 метров.

Жассарбазовцам также показали несколько видов стрелкового оружия концерна «Калашниково»: карабин пистолетного калибра ВПО-285, карабины AP-15 и «Сайга 04». Ознакомились они и с устройством легендарной снайперской винтовки Мосина. С ней в руках в годы Великой Отечественной войны воевала Герой Советского Союза Алия Молдагулова.

СТУДЕНТАМ – О СПЕЦИФИКЕ
РАБОТЫ ВОЕНКОРА

В Астане в Национальном военно-патриотическом центре Вооруженных Сил состоялся практикум, организованный специалистами Центра медиаконтента Министерства обороны для студентов Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, обучающихся на военной кафедре.

Инициаторами мероприятия выступили преподаватели военной кафедры вуза, знающие специфику военной службы, заинтересованные

в качественной подготовке журналистов и трудоустройстве своих выпускников. Подробно о специфике деятельности и

структуре Центра медиаконтента участникам встречи рассказал его начальник подполковник Арман Акыбаев.

— Главные принципы нашей работы — оперативность, точность и достоверность информации, которую наш центр готовит в видео-, фото-, аудио- и текстовых форматах, размещаемых на информационных ресурсах, аккаунтах социальных сетей Министерства обороны и в СМИ. Для производства качественной мультимедийной продукции и текстов, конечно, необходимы подготовленные квалифицированные кадры, работающие творчески, с большой самоотдачей. Полагаю, что сегодняшний практикум расширит ваши представления о профессии военного журналиста, и укрепит вас в желании стать им, — подчеркнул начальник Центра медиаконтента Арман Акыбаев.

Студентам рассказали о том, как происходит сбор и подготовка информации, создаются фото, осуществляется видеосъемка и монтаж снятого материала. Им была также предоставлена возможность поработать с фото- и видеокамерой.

Специалисты Центра медиаконтента Минобороны подробно ответили на интересовавшие их вопросы и подарили им книгу «Военный дискурс», где рассказывается об особенностях освещения военных событий, мерах безопасности и правилах поведения журналиста в зоне военного конфликта.

В завершение практикума будущие военкоры подготовили пресс-релиз о состоявшемся мероприятии.



БІЛІКТІЛІК

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНЕ АРНАҒАН

2023 жылы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерін құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шыққанына 30 жыл толады. Бұл Жарлық мемлекетіміздің қорғанысы мен егемендігі, оның аумақтық тұтастығын, Каспий теңізінің континентальдық шельфінің табиғи ресурстарын қорғау және іргелес сулардың шекаралық режимін жүзеге асыру үшін қабылданды.



Кеңес Одағы кезінде Қазақстан аумағында КСРО Әскери-теңіз флотының бірде-бір бөлімшесі болмағаны белгілі. Төл Әскери-теңіз күштерінің құрылуы ел үшін қиын кезеңде орын алды. Өйткені Кеңес Одағы мен оның Әскери-теңіз флотынан мұра ретінде біздің жаңа мемлекетімізге әскери теңізшілердің жауынгерлік және күнделікті қызметін реттейтін құжаттама да, техника да, кадр да қалмаған еді. Осы себепті отандық Әскери-теңіз күштерін құру және басшылық құжаттарды әзірлеу жаңадан құрылған басқару органдарына жүктелді.

Бастапқы кезеңде Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабының құрамында 1-дәрежелі капитан Р.Исламовтың басшылығымен Әскери-теңіз күштері бөлімі құрылған болатын. Ал 1993 жылдың күзінде Ақтау қаласында бірінші әскери-теңіз базасы құрылды, оның командирі болып 1-дәрежелі капитан Ратмир Әлімханұлы Комратов тағайындалды. Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерін және батыс стратегиялық бағытында әскердің болуын қалыптастыру басталды. Әскери-теңіз күштерінің басты міндеті жауынгерлік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен бөлімшелерін қалыптастыру болды.

Қазақстан шыққан тұңғыш контр-адмирал Ратмир Әлімханұлы Комратов 1951 жылы 23 маусымда Жамбыл қаласында дүниеге келген. Мектепте оқып жүрген әрбір баланың көкейінде болашағын елестетіп, сол арманына тезірек қол жеткізгісі келетін тәтті қиялы болады. Сол кезде тетелес құрбы-құрдастары сыныптас Ратмирдің болашақта өз отбасына ғана емес, барша қазақтың мақтанышына айналар адмиралы боларын білген жоқ.

Уақыт пен мақсатын өз алдында дұрыстап межелеп қоя білген, сол жолда табандылықпен тынымсыз еңбектенген адам ғана дегеніне жетеді. Соның бірі, бірі емес-ау бірегейі – осы Ратмир Әлімханұлы.

Ратмир Әлімханұлы бала кезінен спортпен айналысты. Баскетбол командасының капитаны болды. Кейін Қазақстанның құрама командасына қабылданды. Ал 1968 жылы Киев қаласына юниорлар жарысына барғанда бір кісі Ратмир Әлімханұлына және оның командасына Севастополь жоғары әскери-теңіз инженерлік училищесіне түсуге ұсыныс жасады. Осылайша, Тараздан 3 адам ғана училищеге түсті. Өйткені іріктеу кезінде үміткердің біліміне ғана емес, физикалық дайындығына да баса назар аударылды. Дегенмен, Жамбыл өлкесінде тулап жатқан телегей теңіз болмаса да, су әлеміне деген құмарлық Ратмир мырзаны Севастополь қаласындағы жоғары әскери-теңіз инженерлік училищесіне жетелеп алып келді.

1973 жылы аталған оқу орнын энергетикалық ядролық қондырғыларын пайдалану мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Өзінің алғашқы әскери қызметін лейтенант Р.Комратов Камчатка әскери флотилиясының крейсерлік атомдық суасты қайғы дивизионының командирі лауазымын атқарудан бастады. Зымыран-стратегиялық суасты крейсерлік қайғында он жылдан астам уақыт қызмет етіп, тоғыз автономдық жорыққа қатысты. Осындай жорықтар барысында өз ісіне мүлтіксіз тиянақтылығымен көзге түскен оған үлкен сенім артылып, Тынық мұхиты флоты суасты крейсерлік тобының, кейінірек суасты крейсерлік дивизионының командирі етіп тағайындалады. Теңіздің толқыған қиындықтарына қарамастан, барлығы 5 жыл 9 ай 23 күн су астында экипаждарымен бірге жауынгерлік тапсырмаларды мінсіз атқарады.

1990 жылы Маршал А.Гречко атындағы әскери-теңіз академиясын үздік бітірді. Ол академияны аяқтағаннан кейін КСРО Қорғаныс министрлігі әскери өкілдігінің бастығы лауазымына тағайындалған бірінші қазақ болды.

1980-1987 жылдары КСРО Қорғаныс министрлігі әскери өкілдігінің топ бастығы – кіші әскери өкілі болып қызмет атқарды. Ұзақ жылдар әскери теңізші болып, мол тәжірибе жинаған Комратов 1992 жылы туған атамекені Қазақстанға оралды. Сол жылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс өнеркәсібінің экономикалық жоспарлау басқармасының бастығы, 1993 жылы Қазақстан

Республикасы Қорғаныс өнеркәсібі басқармасының бастығы қызметтерін абыроймен атқарып шығады.

Осы тұста елімізде армия болғанымен, теңіз күштері жоқ болатын. Содан болар, 1993 жылы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елімізде Әскери-теңіз күштері құрылады. Ратмир Әлімханұлы Комратов осы теңіз базасының бірінші командирі лауазымына тағайындалады.

Кейіннен Әскери-теңіз күштері қолбасшысының қару-жарақ және кеме құру жөніндегі орынбасары, Әскери-теңіз күштері қолбасшысының орынбасары, Әскери-теңіз базасының командирі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Бас әскери инспекциясының инспектор-генералы лауазымдарын атқарады.

2003-2008 жылдары «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне басшылық етіп, батыс аумағының абыройын көтереді. Сол жылдары көптеген кешенді тактикалық оқу-жаттығулар өткізіліп, жеке құрамның кәсіби шеберліктері шыңдала түсті. Бұдан кейін тағы да Президент Жарлығымен ҚР ҚК Әскери-теңіз күштерінің Бас қолбасшысы болып тағайындалады. Екінші дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері контр-адмирал Ратмир Комратовтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен Қазақстанның әскери-теңіз күштері қалыптасып, білікті де білімді теңіз мамандарымен жандана түсті.

2009 жылдың 17 шілдесінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары қызметіне тағайындалған ол 2010 жылы 11 наурызда Қарулы Күштерде ұзақ жыл атқарған еңбегінен кейін құрметті зейнет демалысына шығады.

Запастағы контр-адмирал зейнеткерлікке шықса да, кадрлі кадр ретінде 2010 жылдың 8 сәуірінен бастап, «Kazakhstan Engineering» ұлттық компаниясы АҚ-ның Басқарушы директоры қызметін атқарады.

Кейіннен Ұлттық компания президентінің бірінші орынбасары, «Kazakhstan Engineering» Ұлттық компаниясы АҚ басқармасының төрағасы – вице-президенті болды.

1992 жылы Каспий флотилиясы таратылған кезде, Әзербайжан мемлекетіне 15 әскери кеме және катерлер өтіп жатқан уақытта, Қазақстан Республикасы бұдан бас тартты. Тұңғыш контр-адмирал Комратов бұл қадамды Қазақстан сол кезде Каспий флотилиясының үлесінен ресми түрде бас тартуы, біздің Каспий теңізіне деген мүддесін Ресей Федерациясының мүддесімен ұштасып кету қаупі барымен деп түсіндіреді.

Осы жылдардан бастап теңіз аумағында табиғи байлық көздері ашыла бастады. Тез арада мемлекет мүддесін қорғайтын әскери флот құру керек болды. Сондықтан жоғарыда көрсетілгендей, 1993 жылы 2 сәуірде Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз күштері құрылған болатын.



Сол жылдары Каспий флотилиясының үлестерін қайта бөлуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасына 18 әскери кеме өтті. Бірақ оларды орналастыратын порттар болмады. Атырау порты өте таяз болды, ал Ақтау порты арнайы жабдықталмаған еді. Сондықтан 1993-1995 жылдардың қыс кезінде кемелерге үлкен зақым келе бастады.

Қазақстан Әскери-теңіз күштері құрылған кезде АҚШ вице-президенті Альберт Гордың Қазақстан Республикасына қайтарымсыз 6 патрульдық қайық жібергені бар. Бірақ бұл қайықтардың әскери күші ауыз толтырып айтарлықтай емес еді.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы жағалау күзетін дамыту мақсатымен 5 әскери кеме алу туралы келісімше қол жеткізілді. Бұдан өзге «Байқоңыр қарызы» келісімшарты бойынша 2 мина тазалағыш пен 2 күзет катері Қазақстан Республикасына берілген болатын.

1999 жылы 17 қарашада Әскери-теңіз күштері Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің («мемлекеттік шекара күзеті күштері») теңіз бөлімшелеріне берілді. Осыған сәйкес, Әскери-теңіз



күштері теңіз шекара дивизиясы болып қайта құрылды және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамынан шығарылып, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі құрамына берілді.

Алғашқы кезеңдерде Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің құрылуы мен қалыптасуына контр-адмирал Р.Комратов және Р.Исламов, М.Сальменов, В.Рахпункин, П.Редьков, В.Есельбаев, Ж.Жанзақов, Қ.Мұқанов, Қ.Әбікеев, Б.Байшуканов, А.Шоқыптов, М.Төлекбаев, И.Богданов, Т.Байназаров, А.Лекеров, М.Мұхубиев, Р.Қыргыбақов, Ж.Қиятов, Д.Тұралиев, Қ.Есенеев, Н.Дәулетбаев, Б.Алтынбаев, Қ.Ахметов, А.Нұрахметов, Д.Изембаев, Қ.Қарасаев, А.Сапарғалиев, Е.Ергүлдинов, М.Мейрамов, А.Беляев, А.Исашев, М.Базылов, А.Сисенбаев, М.Орманов, А.Әшімбаев, С.Бимурзаев және басқа да көптеген офицерлер мен мичмандар үлкен үлес қосты.

2003 жылы 17 ақпанда Қазақстанның Қорғаныс министрі Армия генералы М.Алтынбаев «Каспийдегі мұнайлы аймақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» қажеттігін мәлімдеді. Сол жылы 7 мамырда Президенттің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы шықты. Осыған сәйкес, Әскери-теңіз күштері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дербес түрі ретінде түпкілікті қалыптасты және бүгінде олар шын мәнінде Каспий өңіріндегі тұрақтылықтың кепілі бола алды деп сеніммен айтуға болады.

Халық қаһарманы, Қорғаныс министрі Армия

міндеттерді атқарады. Әскери теңізшілер кеме қатынасының навигациялық және гидрографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп отырып, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізеді. Мемлекеттік органдарға олардың табиғатты қорғау мен бақылау функцияларын жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді. Кемелердің экипажы Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де әскери жаттығуларға қатысып келеді. Әскери-теңіз күштері отандық және шетелдік өндірістегі заманауи кемелермен қаруланған.

Бүгінгі таңда біздің Әскери-теңіз күштері қазақстандық, ресейлік және оңтүстік корейлік зымыран-артиллериялық кемелерінен тұрады.

Әскери-теңіз күштері әр уақытта салыстырмалы түрде ірі қайықтармен толықтырылып отырады. Олардың қатарында «Қазақстан», «Орал», «Сарыарқа» және «Маңғыстау» зымыран-артиллериялық қайықтары (0250-жоба, Орал қаласында салынған; соңғысы 2017 жылғы 27 сәуірде іске қосылған), «Шалшаң», «Батыр» және «Ізет» атауларын алған Sea Delphin типті үш артиллериялық қайық (Оңтүстік Корея 2006 жылы берген), Түркия 2001 жылы Қазақстанға берген және «Найзағай» атауын алған «Turk» типті бір артиллериялық қайық бар.

Сондай-ақ, 2017 жылғы наурызда Ресей берген «Алатау» рейдтік мина тазалағышы, 2009 жылы АҚШ-тан берілген 7 «Кортик» типті броньды қайық, 4 десанттық қайық, 2008 жылы Астраханьда жасалынған «Жайық» гидрографиялық кемесі қызмет көрсетуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда жасалынған «Қазақстан» зымыран-артиллериялық кемесі флоттың флагманы болып табылады.

Бүгінде Әскери-теңіз күштерінің дамыған инфрақұрылымы бар. Оның ішінде қарамағында әскери бөлімдері бар Әскери-теңіз күштері Бас қолбасшысының басқармасы, қажетті оқу-жаттығу тренажерлері бар оқу орталығы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы, кемелердің орналасу пункті, лазарет және басқа да объектілер бар.

Әскери-теңіз күштері үшін маңызды оқиғалар біздің елде өткізілетін шерулерге жеке құрам мен кемелердің қатысуы болды. Мәселен, 2013 жылғы 7 мамырда «Қазақстан» зымыран-артиллериялық кемесі мен «Жайық» гидрографиялық кемесі «Матыбулак» полигонында өткізілген жауынгерлік шеруге қатысып, Каспий теңізінің қазақстандық секторында онлайн режимде өздерінің атыс мүмкіндіктерін көрсетті.

2014 жылы 1-дәрежелі капитан С.Бекжановтың басшылығымен және 2015 жылы 2-дәрежелі капитан К.Ниязбековтың басшылығымен Әскери-теңіз күштері кемелерінің тактикалық тобы Каспий теңізі бойынша жорықтар жасады. Әскери теңізшілер Ресей Федерациясының, Әзербайжанның, Иран Ислам Республикасының және Түркіменстанның мемлекеттік теңіз шекаралары бойынша 1400-ден астам теңіз милін жүріп өтті.

Әскери-теңіз күштерінің «Сарыарқа», «Орал» зымыран-артиллериялық кемелері «Каспий кубогы – 2015» теңіз биатлонына қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша капитан-лейтенант Р.Жүнісовтың басшылығымен экипаж өз ісінде жоғары теңіз білімін, кәсібилігін көрсете отырып, екінші орынға ие болды.

Ресейлік адмиралдар мен шетелдік бақылаушылар қазақстандықтардың теңіз дайындығына, жүзудің әртүрлі жағдайларында кемең басқару практикасына жоғары баға беріп, біздің теңізшілердің жеке және кемелер тобының құрамында оқу-жауынгерлік іс-қимылдарды сауатты жүргізу қабілетін лайықты атап өтті.

Әскери-теңіз күштері Бас қолбасшысы басқармасының жоспарлы жұмысының арқасында және халықаралық шарттарға сәйкес, біздің әскери-теңіз күштеріміз жыл сайын шетелдік және отандық теңіз оқу орндарының түлектерімен толықтырылып отырады. Әскери теңізшілер Ресейде, Германияда, АҚШ-та, ҚХР-да, Түркияда, Кореяда, Әзербайжанда, Пәкістанда, Үндістанда білім алады. Бүгінгі таңда Әскери-теңіз күштері дайындалған мамандармен толық жабдықталған.

Әскери-теңіз күштерін дамытуға офицерлер Ж.Жанзақов, Қ.Есенеев, С.Борамбаев, С.Бекжанов, Қ.Байназаров, Е.Байғабалов, М.Ешетов, А.Лекеров, С.Бимурзаев, М.Жаңаев, К.Ниязбекова, А.Ахетов, Б.Сыдықов, К.Омаров, А.Сақтанов, Н.Рамазанов, Е.Төлек, К.Аршанқұлов, Р.Бушанов Т.Аманов, К.Жұмағұлов және басқа да көптеген әскери қызметшілер өздерінің үлестерін қосты. Бүгінде олардың санын санап біту мүмкін емес.

Қазақстан шыққан тұңғыш контр-адмирал Ратмир Әлімханұлының Әскери-теңіз күштеріне сіңірген еңбегін тізіп айта берсек, таңды таңға жалғауға болады. Ол сөзін анық әрі тіке айтатын адамдар қатарына кіреді. Ратмир Комратов – өз мақсатына табанды және уақтылы қол жеткізе білген жан. Дәл осы мұқият көзқарас пен әр матросқа, старшинаға, офицерге деген талапшылықтың арқасында Комратов бағыныштылар мен бастықтардың құрметіне ие болды. Ол лейтенант кезінен бастап кез келген командирдің күші ол қандай қызмет атқарса да, адамдармен ажырамас бірлікте екенін білді. Өйткені адамдар командирде нені қатаң талапшылықтан, нені ұстамсыздықтан, нені мейірімділіктен шығатынын іштей жақсы сезінеді. Теңізге қызмет ету тек батыл да қайсар адамдардың, әскери дайындығын, әскери достық пен қатаң тәртіптің қадірін білетіндердің ғана қолынан келеді. Бұл қасиеттер әскери теңізшілерге Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі ең күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Контр-адмирал Ратмир Әлімханұлы да осындай өз өмірін теңізге арнаған тұлғалардың ішіндегі бірі де бірегейі.

Запастағы 1-дәрежелі капитан Қ.БАЙНАЗАРОВ, «M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» АҚ әскери кафедрасы бастығының орынбасары



ЮБИЛЕЙ

СЛУЖИТЕЛИ
ВОДНОЙ СТИХИИ

Говорят, что море – это не только отличный экзаменатор, но и прекрасный воспитатель. Ведь во время порой непростой службы закаляется характер военнослужащего, совершенствуются положительные свойства личности. И действительно, моряки обладают особым характером. Те, кто проходил службу в Военно-морских силах, отличается общей и военно-морской культурой, самообладанием, высокой боевой устойчивостью, приверженностью общему делу и повышенной ответственностью во всем.

2 апреля Военно-морские силы нашей страны отмечают «круглую» дату – 30-летие со дня образования.

Тимур АУБАКИРОВ

Вехи развития

Военно-морские силы являются самым молодым видом Вооруженных Сил: историческим днем для всех военных моряков стало 2 апреля 1993 года. Именно в этот день Первый Президент нашей республики подписал указ «О создании Военно-морских сил РК».

Стоит особо отметить, что в советское время на территории Казахстана не было ни одного подразделения Военно-морских сил СССР. Создание ВМС Казахстана происходило в тяжелое для страны время, можно сказать, с «чистого листа», ведь в наследство от Советского Союза и его флота нашему новому государству не досталось ни техники, ни документации, регламентирующей боевую и повседневную деятельность военных моряков, ни кадров. По этой причине создание отечественных Военно-морских сил и разработка руководящих документов легли на плечи вновь образованных органов управления.

В целом развитие отечественных Военно-морских сил происходило в два этапа. На первоначальном этапе в составе Главного штаба Вооруженных Сил Казахстана был создан Отдел военно-морских сил под руководством капитана 1 ранга Р. Исламова. Осенью 1993 года в городе Актау сформировали военно-морскую войсковую часть, командиром которой был назначен капитан 1 ранга Ратмир Комратов. С этого момента началось формирование частей и подразделений Военно-морских сил Казахстана и военного присутствия на Западном стратегическом направлении. Главной задачей Военно-морских сил ВС РК явилось формирование частей и подразделений боевого и материально-технического обеспечения.

В 1994 году в городе Уральске был сформирован Учебный центр Военно-морских сил, и уже в следующем году здесь началась подготовка младших корабельных специалистов для Военно-морских сил и Морских частей пограничной КНБ РК. Обучались пять месяцев по трем специальностям: рулевой-сигнальщик, радиотелеграфист и моторист-триумный.

Особо значимой датой для военных моряков стало 17 августа 1995 года – тогда в городе Актау впервые был поднят флаг Военно-морских сил.

В целях дальнейшего совершенствования и развития в 1996 году в городе Актау сформировали управление командующего Военно-морскими силами с подчиненными частями: тремя дивизионами кораблей и катеров, базы тыла, учебным центром, узлом связи, ротой специального назначения, гидрографической службой.

В это же время была разработана и утверждена кораблестроительная программа и на базе отечественных предприятий – Уральский завод «Зенит» и НИИ «Гидроприбор» в Уральске было организовано строительство кораблей и катеров для Военно-морских сил и морских частей Пограничных войск РК.

Второй этап развития и становления Военно-морских сил начался с выходом 2003 году Указа Президента о трехвидовой структуре Вооруженных Сил Республики Казахстан. Принимая во внимание складывающуюся обстановку в Центрально-Азиатском регионе и в Каспийском бассейне в частности, по поручению Главы государства, для подготовки военно-морских кадров в городе Актау был сформирован Военно-морской институт.

Для учебно-материальной базы института в 2001 году из турецкого порта Пендик (Мраморное море) казахстанские моряки совершили переход в порт Актау на морском охотнике водоизмещением 180 тонн. Переход осуществлялся по тому же маршруту, что и в 1999 году.

Решением Министра обороны Халық Қаһарманы генерала армии Мухтара Алтынбаева, по инициативе командующего войсками Регионального командования «Запад» контр-адмирала Ратмира Комратова началось формирование частей и подразделений Военно-морских сил в составе Регионального командования «Запад». Были сформированы управление ВМС в составе Управления командующего и дивизион разнородных кораблей в бригаде морской пехоты. Для координации действий в Центральном аппарате Министерства обороны был создан отдел Военно-морских сил.

Одним из исторических событий является переход группы кораблей в 2006 году. В соответствии с международными договорами Казахстану от Южной Кореи были переданы три малых сторожевых корабля. На первоначальном этапе экипажи кораблей прошли обучение в учебном центре Военно-морских сил Южной Кореи, порт Чинэ.

В дальнейшем была совершена транспортировка до порта Пендик (Турция). На территории Турции в кратчайшие сроки (2 недели) подготовили корабль к переходу и провели слаживание экипажей по совместному плаванию в открытом море.

Затем был совершен переход в порт Актау. Общая протяженность маршрута перехода кораблей из Мраморного моря в Каспийское море составила более трех тысяч миль (более 5,5 тыс. км).

В ходе всех этих переходов экипажи кораблей проявили хорошую морскую выучку, высокую дисциплину и организованность, укрепляя тем самым престиж Вооруженных Сил Республики Казахстан.

В соответствии с Законом «О торговом мореплавании» в состав Военно-морских сил были переданы пять маяков, расположенных в казахстанском

секторе Каспийского моря. С этого момента Военно-морские силы начали выполнять новые специальные задачи, для выполнения которых была создана Служба гидрографического обеспечения.

В 2007 году в состав Военно-морских сил РК для выполнения специальных задач в области гидрографического обеспечения вошло гидрографическое судно «Жайык». Построено оно было на судостроительных предприятиях Российской Федерации.

В соответствии с Постановлением Правительства РК в городе Астане была сформировано Управление главного командующего Военно-морскими силами ВС РК. Основные задачи Управления – это руководство и управление силами, взаимодействие с другими видами и родами войск, организация централизованного обеспечения кораблями, военно-техническим имуществом, подготовка кадров, разработка руководящих документов, регламентирующих повседневную жизнедеятельность частей и подразделений ВМС, боевую подготовку и применение ВМС ВС РК и международного военного сотрудничества.

В феврале 2010 года Президент страны – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Республики Казахстан вручил Боевое Знамя Военно-морским силам ВС РК. А в начале того же года для ведения боевых действий в определенных районах морских театров военных действий и удобства управления силами и средствами ВМС, в городе Актау была сформирована войсковая часть 29011.

Активно развивалась и инфраструктура. Так, в 2016 году в Актау был открыт первый пирс для базирования военных кораблей и судов. Собственный пункт базирования позволяет военным морякам не только эффективно и своевременно реагировать на возможные угрозы в казахстанском секторе Каспийского моря и при необходимости оперативно осуществлять выход кораблей в районы сосредоточения, но и своевременно организовывать подвоз и обеспечение всеми видами материально-технического обеспечения.

Гордо носят звание военного моряка

За 30 лет с момента создания проделана большая работа по всем направлениям: от качественного оснащения казахстанского флота новыми ракетно-артиллерийскими кораблями отечественного



производства, оборудованными по последнему слову техники, укомплектования личным составом и совершенствования обучения и боевой подготовки военнослужащих до строительства и открытия первого собственного пункта базирования кораблей.

Парк ракетно-артиллерийских кораблей состоит из судов «Казахстан», «Орал», «Сарыарка», «Мангыстау» отечественного производства. Для обеспечения противоминной защиты акваторий баз, гаваней, фарватеров и прибрежной части Каспия на вооружение предназначен мино-тральный корабль «Алатау». Кроме того, имеется специальный катер для подразделений спецназначения, построенный на отечественном заводе «Зенит», а для охраны подводной акватории Каспия, тренировочных погружений водолазов впервые функционирует мобильный водолазный комплекс казахстанского предприятия АО «НИИ «Гидроприбор». Данный комплекс размещен на базе автомобиля КамАЗ. В его состав входит модуль со средствами обеспечения водолазных спусков, дыхательные аппараты открытого и замкнутого типа и быстроходные лодки для работ в море.

Профессионализм казахстанских военных моряков регулярно подтверждается в ходе совместных международных учений, как в Казахстане, так и за

ГОВОРЯТ, ИМЕТЬ ВСЕГДА В ПЛАВАНИИ СЕМЬ ФУТОВ ПОД КИЛЕМ - ЗНАЧИТ ЧЕРЕЗ НЕИЗБЕЖНЫЕ В ДОЛГОМ ПУТИ ШТОРМЫ И КАЧКУ, ОПАСНЫЕ ОТМЕЛИ И РИФЫ УСПЕШНО ПРИВЕСТИ СВОЕ СУДНО К НАМЕЧЕННОЙ ЦЕЛИ. ПОЖЕЛАТЬ ТАКОГО - ЗНАЧИТ СОЗДАТЬ ОТПРАВЛЯЮЩИМСЯ В ТРУДНЫЙ ПУТЬ ХОРОШЕЕ НАСТРОЕНИЕ, ВСЕЛИТЬ В НИХ УВЕРЕННОСТЬ В БЛАГОПОЛУЧНОМ ИСХОДЕ ПЛАВАНИЯ. ТОГДА НЕ СТОЛЬ СТРАШНЫМИ ДА ТЯЖКИМИ ПОКАЖУТСЯ ИМ ЛЮБЫЕ ПРЕПЯТСТВИЯ И ИСПЫТАНИЯ.

его пределами. Отдельного внимания заслуживают выступления на Армейских международных играх. Начиная с самого своего дебюта на данных соревнованиях, военные моряки нашей страны неизменно демонстрируют высокий уровень морской выучки и подготовки, всегда оказываясь в числе лидеров. Так, в 2015 году экипаж корабля «Сарыарка» завоевал второе место на конкурсе «Каспийское море», а на следующий год успех повторил ракетно-артиллерийский корабль «Орал». В 2017 году военные моряки Казахстана стали обладателями третьего места престижного конкурса, в 2018 – второго, в 2019 – третьего. В 2020 году участие в международном конкурсе не принимали. А уже в следующем году вновь взошел на пьедестал, завоевав третье место на «Кубке моря - 2021», в прошлом году стали обладателями «серебра» международного конкурса.

Сегодня военные моряки обеспечивают навигационно-гидрографическую безопасность мореплавания, во взаимодействии с Министерством по чрезвычайным ситуациям проводят поисково-спасательные работы, оказывают помощь государственным органам при осуществлении ими природоохранных и контрольных функций.

Подготовка кадров для ВМС организована на высшем уровне. Благодаря плановой работе в соответствии с международными договорами Военно-морские силы страны ежегодно пополняются выпускниками зарубежных и отечественных морских учебных заведений. Военные моряки обучаются в России, Германии, США, КНР, Турции, Кореи и др. На сегодняшний день наши ВМС полностью укомплектованы подготовленными специалистами.

Что касается боевой подготовки военнослужащих отечественных ВМС, она с каждым годом совершенствуется, делается упор на совместные учения. Вот уже три десятилетия Военно-морские силы Казахстана стоят на защите неприкосновенности государственной границы, территориальной целостности, суверенитета, экономических интересов нашей республики в казахстанском секторе Каспийского моря.

За прошедшее время ВМС обрели необходимый опыт, продолжают совершенствовать свою боевую и мобилизационную готовность в интересах обеспечения военной безопасности нашего государства.



ХАТ-ХАБАР

САРБАЗ АНАЛАРЫ АРМИЯДАҒЫ ӨМІРМЕН ТАНЫСТЫ

ШЫМКЕНТ ГАРНИЗОНЫ

Шымкент қаласы бойынша «Аналар жүрегі» сарбаз аналар комитетінің өкілі Шарифа Муминова әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бригадасында болды. Сапар барысында ол бригада мен батальон басшылығымен танысып, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілермен әңгімелесті, олардың тұрмысымен танысып, комитет жұмысымен таныстырды.

Сапар барысында қоғамдық ұйым өкілі сарбаздардың тамақтануы мен тұратын үй-жайына ерекше назар аударды. Шарифа Ахмеджановна үй-жайларда түру жағдайларымен, жабдықтау түрлері мен нормаларымен жеке танысты, сондай-ақ теориялық және практикалық сабақтар өтетін сыныптарды аралап, асхананы көріп шықты.

Біздің комитет әр сарбаз үшін өз баласындай алаңдайды. Біз бәріміз анамыз және балаларымыздың әскери борышын қалай және қандай жағдайда орындайтынына қатты мән береміз. Біз әскери

бөлімдермен мүмкіндігінше тығыз жұмыс істеуге тырысамыз, сондықтан сарбаздардың ата-аналары ұлдары үшін уайымдамаса болады, - деді Шымкент қаласы бойынша «Аналардың жүрегі» сарбаз аналар комитетінің өкілі Шарифа Муминова.

Сонымен қатар, Шарифа Ахмеджановна азық-түлікті сақтау тәртібін және олардың жарамды мерзімін қарап, медициналық пункттерде болды. Онда медициналық персоналдың жұмысымен танысып, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің медициналық көмекке жүгіну журналындағы жазбалармен танысты.



Айта кетсек, жүргізіліп жатқан жұмыс аясында сарбаздардың аналары комитеті мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен ата-аналар арасында

байланыс орнатып, әскери ортадағы туындаған мәселелерді уақтылы шешу бойынша шаралар қабылдауда.

ӘСКЕРДЕ ҚЫЛМЫСҚА ОРЫН ЖОҚ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Ақтау өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының лауазымды тұлғаларының ұйымдастыруымен «Әскерде қылмысқа орын жоқ» науқаны аясында семинар жиын өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты әскери қызметшілерге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық ұғымдары, оларды алдын алу жолдары, сондай-ақ, проблемалық сұрақтарды талқылау болып табылды.

Аталған іс-шара әскери теңіз базасы және оған бағынысты әртекті кемелер дивизионының барлық санаттағы әскери қызметшілеріне өткізілді.

Жиынға Маңғыстау облысы наркологиялық диспансерінің нарколог маманы, Маңғыстау облысының дін істер басқармасының өкілі, ҚР ІІМ Батыс аймағының әскери тергеу бөлімінің өкілі, Маңғыстау облысы Қазақстан халқы ассамблеясының аналар кеңесі және аналар кеңесі жанындағы сарбаздар аналары штабының төрайымы қатысты.

Семинар барысында көкейде жүрген өте өзекті мәселелер көтеріліп, нарколог маманы тарапынан қатысушыларға спирттік өнімдермен есірткі бұйымдарын пайдалану адам денсаулығына кері әсерін тигізетіні

туралы баяндаса, облыстық дін істер басқармасының өкілі тарапынан халық арасында теріс діни ағымдардың кеңінен таралып жатқаны және оларды алдын алу жолдары, сонымен қатар, өз-өзіне қол жұмсау шарағатқа қарсы келетіні, ол арқылы ешқандай мәселелер шешілмейтіні тереңінен түсіндірілді, - деп атап өтті Ақтау өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының анықтау және іздестіру бөлімшесінің аға офицер-анықтаушысы адилет майоры Дәурен Серікұлы.

Сонымен қатар, семинар жиына қатысушыларға батыс аймағының әскери тергеу бөлімінің өкілі подполковник Ернар Масалимов пен Ақтау өңірлік гарнизонының әскери полиция басқармасының лауазымды тұлғаларының тарапынан Қазақстан Республикасының ҚК-нің 18-тарауында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық ұғымдары, оларды алдын алу жолдары мәселелеріне тоқталып өтті.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ ТҮСІНДІРІЛДІ

51809 әскери бөлім жеке құрамымен әскерде қылмысқа жол бермеу мақсатында өткізіліп жатқан айлық аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Ақтау өңірлік гарнизонының Әскери полиция басқармасы Бейнеу гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімінің бастығы майор Мұнал Ернарұлы әскери қызметшілерге құқықтық көмек көрсету мақсатында және әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 18-тарауын жеткізіп, профилактикалық сұхбат жүргізді.

Іс-шара барысында 2022 жылы орын алған Қарулы Күштердегі жол-көлік оқиғаларының көлік құралдарын жас және спирттік ішімдік қолданған әскери қызметшілердің қатысуымен болған құқық бұзушылықтарды жеткізе отырып, әскери бөлім басшылығына жеке автокөлік иелеріне қатаң назар аудару керек екенін ескертті.

Қазіргі таңда әскери бөлімдерде әскери қызметшілер арасында жол-көлік оқиғаларын алдын-алу мақсатында өтіп жатқан айлық барысында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңының талаптарын жеткізе отырып, әскери бөлімдерде профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды, - дейді Ақтау өңірлік гарнизонының Әскери полиция басқармасы Бейнеу гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімінің бастығы майор Мұнал Ернарұлы.

Айта кетейік, 51809 әскери бөлімінде 2023 жылдың үш айында бірде-бір құқық бұзушылық фактілері тіркелмеген.

Нұрбол ШАЛАБАЕВ
Ақтау гарнизонының баспасөз қызметі

КӘСІБИ СЕРЖАНТ – ӘСКЕРДІҢ ТІРЕГІ

Жеке құрамның жоғарғы даярлығы, білімділігі, тәртіптілігі оның алғашқы командирі, яғни, сержантқа байланысты. Осындай сержанттардың арқасында Қарулы Күштерімізде мерзімді әскери қызметке келіп, содан соң келісімшарт бойынша қызметке қалып жатқандар қаншама.

Әрине, сарбаз болып тек бір бағытта жұмыс істеген адамға жеке құраммен жұмыс істеу басында оңайға соқпайды. Себебі, кеше ғана өзі сапта тұрса, бүгін сол саптағыларға пәрмен беріп тұр. Осындай жағдайларда өз біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжде алғашқы рет бөлімше командирлеріне «Базалық курстық даярлық» өтті. Бұл даярлыққа Қарулы Күштеріміздің әртүрлі өңірлік қолбасшылықтарынан келген сержанттар бір ай шамасында өз салаларына қатысты ең маңызды

деген сұрақтарға жауап алды. Курстық даярлыққа тікелей жауапты тұлғалар мен мұғалімдер қатары таңғы және ұйқыға жатқызуға дейінгі барлық іс-шараларды пысықтап, үйретіп, олардың дұрыс жолдарын көрсетті. Курс соңында арнайы сертификаттармен, оқу барысында өздерін үлгілі де үздік көрсете алған сержанттарға мадақтамалар табысталды. Алдағы уақытта базалық курсты бұдан әрі шыңдап, дамытып, білім берудің басқа да тиімді түрлері қарастырылуда. Себебі, әрбір сарбаздың алғаш қызмет бастағаннан тани білетіні – сержант, ұстаздары да – сержант.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ІРІКТЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Ақтау гарнизонының теңіз жаяу әскерлері бригадасының базасында «Батыс» өңірлік қолбасшылығының үздік сержанттары әскери халықаралық ойындарының конкурсына іріктеудің екінші кезеңінен өтті, деп хабарлайды Қоғамдық коммуникация орталығы Ақтау гарнизонының баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Батыс» өңірлік қолбасшылығының барлық әскери бөлімдерінің келісімшарт бойынша қызметтің үздік 30 әскери қызметшісін іріктеуге қатысу үшін ұсынды.

«Бейбітшілік жауынгері» байқауы әскери қызметшінің жеке басының ең жақсы қырларын ашады. Оның физикалық дамуы, қаруды меңгеру деңгейі, зияткерлік және шығармашылық қабілеттері шындалады, деп түсіндірді «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысы басқармасының сержанттық құрамымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы, штаб-сержант Дәулет Есбердиев.

«Бейбітшілік жауынгері» конкурсына қатысуға үміткерлер дене шынықтыру және әскери-медициналық даярлық бойынша нормативтерді тапсырды. Әскери қызметшілер белтемірге тартылуды, кешенді күш жаттығуларын орындады, төзімділік жүргіруінде өз мүмкіндіктерін тексерді.

Сондай-ақ Ф-1 гранатасын лақтыру бойынша нормативтерді тапсырып, АК-74 автоматынан төртінші

бақылау ату жаттығуын орындады.

Конкурс бағдарламасын ескере отырып, әскери тарих және халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы жауынгерлердің білімі, сондай-ақ вокалдык, хореографиялық, музыкалық және шешендік қабілеттерінің болуы тексерілді.

Қатысушылар арасында Ақтау қаласы 75488 әскери бөлімінің әскери қызметшісі аға сержант Елман Құрманшев үздік атанды, екінші орынды Бейнеу ауылында орналасқан барлау полкінің әскери қызметшісі кіші сержант Жансерік Қолан алса, үшінші орынды – теңіз жаяу әскерлері бригадасының әскери қызметшісі гвардия сержанты Қуаныш Тілеухан иеленді. Бұл әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің келесі іріктеуіне қатысады.

Айта кетейік, 2022 жылы Арменияда өткен «Бейбітшілік жауынгері» байқауында қазақстандық команда бірінші орынға ие болды.

ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЯРЛЫҚ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Сарышаған» полигонында «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері 06708 әскери бөлімінің артиллерист-жауынгерлері артиллериядан оқ ату оқу-жаттығуын өткізді.

Жауынгерлік даярлықтың жоспарына сәйкес жеке құрам біріктірілген есептоп құрамында артиллерияның 122 миллиметрлік Д-30 гаубицасынан көрсетілім атысына кірісті.

Артиллериядан оқ ату жаттығуына командирдің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары подполковник Өміртай Құлманбаев жетекшілік етті. Оқу-жаттығудың өту барысы командалық бақылау бекетінен қадағаланды.

Атыс алаңына жайғасқан 2-ші зеңбіректік артиллериялық дивизионының артиллерист-жауынгерлері берілген тапсырмаларды орындауға дайын тұрды. Белгіленген уақытпен берілген пәрмен бойынша артиллерист-жауынгерлер артиллериядан оқ

атты.

Бастысы, артиллериядан оқ ату жаттығуының көрсетілім атысы күткен нәтижені көрсетті. Артиллерист-жауынгерлер тарапынан ешқандай ауытқушылық болған жоқ.

Осы ретте 2-ші зеңбіректік артиллериялық дивизионының жеке құрамы асқан жауапкершілік танытқандығын айта кеткен жөн. Атап айтқанда, батарея командирлері атыс кезінде бір-бірімен тез арада тіл табысып, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап шықты.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы
лейтенант Думан ЖҰМАШҰЛЫ

ТАНКИСТЕР ШТАТТЫҚ ҚАРУДАН ОҚ АТТЫ

Гвардейск гарнизонында 21450 әскери бөлімінің танк батальондары танк қару-жарағынан штаттық снарядпен ауды жүргізді.



Танк батальондарының жеке құрамы жауынгерлік дайындық жоспарына сәйкес Т-72 танк қару-жарағынан 1-ші бақылау ату жаттығуын орындады. Жаттығуды орындау барысында 125мм калибрлі зеңбіректен ұзақтығы 1500 шақырымда орналасқан нөмірі 12-ші танк нысанасын және 7,62мм ПКТ пулеметімен 600 шақырым ұзақтықта орналасқан нөмірі 9-шы қол танкіге қарсы граната атқыш нысанасы мен нөмірі 900 шақырым ұзақтықта орналасқан нөмірі 17а автокөлік қозғалысындағы шегінсіз зеңбірек нысаналарын жойды.

Іс-тәжірибелік ату дайындық сабағында қауіпсіздік шаралары қатаң сақталды. Жеке құрам штаттық снарядпен ату алдында теориялық және іс жүзінде білімдерін арттырып, нормативтер мен ату жаттығуларын орындады. Сондай-ақ ату кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен жаттығу шарттарын меңгеріп, оларға бақылау ату

жаттығуын орындауға рұқсат берілді. Олар бақылау ату жаттығуы барысында білімдерін шыңдап, дағдыларын жетілдірді.

Батальон командирлері ату сабағының соңында қорытынды жасап, үздік рота командирін, үздік взвод сержантын және үздік экипаж құрамын марапаттады.

21450 әскери бөлімінің 3-ші танк батальон жеке құрамы Мәтібулақ полигонында танк Т-72 қару-жарағынан штаттық атысты жүргізуде. Атыс сабақтарының басты мақсаты экипаж жеке құрамының ұжымдастыруы және де танк Т-72 қару-жарағын жетік білуі, алда шыққан нысаналарды жою болып табылады. Экипаж жеке құрамы өздерінің білімдерін іс-жүзінде көрсету және де әскери дағдыларды арттыру болып табылады. Алдағы уақытта оқу-жаттығуларда танк экипаждары жақсы нәтижелер көрсетеді деген ойдамын, - деді взвод командирі лейтенант Бекзат Сағындық.

ЛЮДИ НАШЕЙ ПРОФЕССИИ

ПОЛВЕКА В СТРОЮ

31 марта этого года исполняется 70 лет офицеру, отдавшему служению Отечеству почти полвека, воину-афганцу, председателю Совета генералов по Жамбылской области генерал-майору в отставке Абдыхапару Раимжановичу Казиеву.

**Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото)**

Каким будет жизненный путь человека, насколько насыщенным событиями, зависит от самого человека. И прежде всего, от его жизненного выбора. Выбора друзей и профессии, выбора идеи, ценностей и смысла жизни. Генерал-майор в отставке Абдыхапар Раимжанович Казиев верен своему выбору на протяжении всей жизни.

Страницы своей жизни: курсант военного училища, кадровый офицер, воин-афганец, кавалер ордена «Красной звезды», военный руководитель, стоявший у истоков образования военных округов казахстанской армии, почетный ветеран Вооруженных Сил Казахстана, председатель совета генералов в своем регионе – все эти вехи Абдыхапар Раимжанович за годом пропускал



через себя, через свое сердце и душу. При этом он ни на минуту не забывал о своих истоках, о том, с чего началась его безграничная любовь к Родине и служению Отечеству.

– В молодые годы мне нравились армейские фильмы, нравилась боевая техника, я всегда удивлялся: как оно управляется? – вспоминает Абдыхапар Казиев. – После окончания школы, перед призывом, прошел беседу. Я никогда не забуду нашего областного комиссара полковника Айтжана Калтаевича Калтаева, который лично беседовал со мной и включил в список кандидатов на поступление в военное училище. Еще в молодые годы, после окончания школы, я почувствовал, что у меня есть задатки военного. Сейчас, в моем возрасте, уже умею анализировать пройденное время с юношеских времен до сегодняшнего дня, и думаю это, видимо, в первую очередь, это гены отца – участника Великой Отечественной войны. Он по зову Родины ушел воевать, получил ранение. Но после войны воспитал одиннадцать детей, поставил на ноги. Я считаю, от природы так задано для мужчин – надо продолжать дело отца.

Имя своего отца-фронтовика Раимжана Сыйкумулы генерал пронес через всю свою жизнь. Поддержка отца воодушевила его в свое время на поступление в Алматинское высшее общевойсковое командное училище. С мыслями об отце приступил молодой лейтенант к службе в качестве командира мотострелкового взвода в воинскую часть в город Ош. С обещанием родным вернуться живым с войны убывал старший лейтенант Абдыхапар Раимжанович в ноябре 1980 года в составе ограниченного контингента советских войск в Демократическую республику Афганистан.

Война в Афганистане и сейчас занимает в биографии генерал-майора особое место. Участие в боевых действиях, приобретение боевого опыта, боль от потери боевых товарищей и осознания ужасов войны стали причиной стремительного взросления и возмужания молодого офицера на войне.

– Афганистан – для меня это отдельная тема. Я, еще будучи капитаном, и младший брат Руслан Раимжанов солдатом зенитной батареи участвовали более двух лет в войне в Афганистане, – вспоминает Абдыхапар Раимжанович. – Я получил контузию, ранение. А Руслан попал под минометный обстрел, получил 8 осколочных ранений. Он полгода лежал в госпитале в Ташкенте. В последующем в Таразе сильно заболел и умер... Война всегда приносит нам большой ущерб и в материальном отношении, и в отношении потери близких, родных. Все это укрепляет понимание, что нужно бороться за мир, сохранить мир, и только в мирных условиях можно обеспечить развитие человечества. Что касается нас, командиров, да, мы получили большой опыт. Несмотря на потери, несмотря на эти сложности, мы всегда были готовы. И главное – осознанно шли к выполнению боевой задачи. До сих пор в ушах у меня слышно, как командир полка по рации полковник Арутюнян говорил: «Берегите людей!». Это была главная задача. Поэтому в подготовительный период всегда обсуждались моменты, когда при резком нападении где укрыться, как укрыться, не потерять связь.

За мужество и героизм Абдыхапар Казиев награжден орденом «Красной звезды», медалью «За отвагу». Генерал-майор Абдыхапар Раимжанович Казиев в деталях помнит свое участие на войне в Афганистане, помнит обо всех операциях, рейдах и задачах. И он не перестает повторять самое главное свое понимание из этой войны – что нужно беречь мир, ценить жизнь, не допускать кровопролитий. И эти свои заветы и свои воспоминания о войне офицер стремится передавать подрастающему поколению.

Именно поэтому старается использовать каждую возможность встречи со школьниками и студентами. Бережно храня военная форма-афганка и погоны капитана на плечах у генерала воссоздают военные картины тридцатилетней давности. И далекое прошлое становится близким и почти настоящим, и от этого еще острее воспоминания, еще понятнее важность сохранения мира и защиты безопасности.



Наверное, именно война обострила понимание Абдыхапара Раимжановича, как важно воспитывать молодых в духе любви к Отечеству. Не удивительно, что после возвращения из Афганистана молодому капитану было предложено возглавить сначала районный военный комиссариат, затем городской, а после – областной военный комиссариат Жамбылской области. Кто лучше, чем офицер, прошедший войну, мог бы воодушевить молодых призывников перед отправкой в армию? Кто подобрал бы более подходящие слова о верности служения Отечеству и важности воинского долга?

Не одно поколение призывников проводил со сборного пункта Абдыхапар Раимжанович. Сколько мужчин свое первое знакомство с армией связывают с именем военного комиссара Жамбылской области Абдыхапара Казиева! Как он никогда не забывает своего военкома, давшего ему путевку в армию – полковника Калтаева Айтжана Калтаевича. Какие нужные слова находил этот достойный офицер, прощая в свое время молодых ребят из Жамбылской области в армию, так же и Абдыхапар Казиев отправлял парней на срочную воинскую службу, напутствовал их нужными и важными словами поддержки.

– Воинская служба – это особая святая обязанность каждого гражданина Казахстана. – рассказывает об очередном периоде своей службы генерал Казиев. – Я несколько лет прослужил в местных органах военного управления, готовил документы, отправлял в Министерство обороны, отправлял в Департамент организационной и мобилизационной работы. И если мы будем постоянно вникать в вопросы по воспитанию подрастающего поколения, то не будем переживать за призывы. Армия – это большой организм. Ее нужно пройти всем юношам, которые хотят быть достойными мужчинами, достойными отцами, дедами, и в конечном счете, патриотами своей Родины. Мы должны быть уверенными в последующем развитии своей Родины, своего государства, своей земли, своего народа.

И боевой опыт воина-афганца Абдыхапара Казиева, и его жизненный опыт были востребованы в армии. На



период формирования военных округов Вооруженных Сил в руководство требовались опытные офицеры, которые своими знаниями и опытом помогли бы развиваться объединениям. В числе таких офицеров был и Абдыхапар Раимжанович Казиев.

– Особое место в моей службе занимает служба в региональных командованиях, которые ранее назывались округами, – повествует Абдыхапар Раимжанович. – Начинать я службу в Восточном военном округе заместителем командующего. В последующем, по необходимости, перевели в Южный военный округ – региональное командование «Юг» – заместителем командующего по боевой подготовке.

В последующем был представлен к присвоению очередного высшего офицерского звания «генерал-майор». Этот момент незабываемый. Всегда буду помнить. И очень благодарен за такую оценку. Я с гордостью ношу это высокое звание «генерал-майор» Вооруженных Сил Казахстана.

В послужном списке генерал-майора Абдыхапара Раимжановича Казиева участие в боевых действиях в Афганистане, служба в органах военного управления, учеба в Военной академии имени Фрунзе в Москве, в Военной академии Генерального штаба Вооруженных Сил Российской Федерации, служба в составе региональных командований Сухопутных войск Вооруженных Сил Казахстана, пребывание в должности генерал-инспектора Главной инспекции Министерства обороны, служба в качестве военного атташе в Российской Федерации и по совместительству в Республике Беларусь.

Прослужив в армии полвека, он и сейчас остается в строю. Абдыхапар Раимжанович возглавляет совет генералов в Жамбылской области. Для ветерана Вооруженных Сил пребывание в составе этого республиканского общественного объединения – это зов души, это веление сердца. Он продолжает всей душой переживать и за страну, и за армию, и стремится быть полезным.

– Мне в марте месяце исполняется 70 лет. И до сих пор у меня есть огромное желание быть полезным для своей Родины, – заверяет генерал-майор Абдыхапар Казиев. – И участвуя в республиканском общественном объединении «Совет генералов» с 2015 года, мы проводим много мероприятий. Оценивая свой путь 45-летней службы в армии, я делаю для себя вывод, что профессию я выбрал правильно, – убежденно заявляет генерал. – Напутствие отца я выполнил. И на сегодняшний день никакого сожаления нет. Наоборот, есть чувство удовлетворения. Сын сейчас подполковник, служит в Вооруженных Силах. И внук растет, ему 14 лет. Надеюсь, закончит хорошо школу и пойдет в военное учебное заведение для того, чтобы продолжить дело деда, будем так говорить.

Практически полвека в строю... Правду говорят, бывших офицеров не бывает. Когда вся жизнь переплетена с военной службой, то офицер, как истинный патриот, продолжает всей душой переживать и за страну, и за армию, и стремится быть полезным. С таким боевым настроем и продолжает жить и работать воин-афганец, офицер, продолжающий служить Отечеству генерал-майор Абдыхапар Раимжанович Казиев.

ЕГО БУДЕТ ОЧЕНЬ НЕ ХВАТАТЬ

С чувством глубокой скорби и невосполнимой потери в стенах Национального университета обороны имени Первого Президента РК проводили в последний путь офицера, друга, боевого товарища - начальника управления исследования военной истории и педагогики научно-исследовательского института военного искусства Военного научно-исследовательского центра, кандидата военных наук, профессора полковника Александра Александровича Мартынова.

За время прохождения военной службы в рядах Вооруженных Сил он зарекомендовал себя добросовестным, исключительно порядочным, исполнительным и трудолюбивым офицером. Прекрасно был подготовлен профессионально, систематически работал над повышением своего профессионального уровня.

Полковник А. А. Мартынов воинскую службу сочетал с научно-исследовательской работой. В 2010 году им подготовлена и успешно защищена диссертация на соискание ученой степени кандидата военных наук - на одну из актуальных тем, направленных на совершенствование современного оперативного искусства и тактики.

После защиты усилил свою научно-исследовательскую деятельность, став автором ряда учебно-практических пособий и монографий в области военного искусства и истории. Полковником Мартыновым разработано множество учебно-методических пособий, научно-исследовательских работ, раскрывающих актуальные проблемы развития современного военного искусства, строительства Вооруженных Сил и военной истории, которые используются докторантами и магистрантами в

учебном процессе и научно-исследовательской работе. В служебной деятельности полковник А. А. Мартынов своевременно организовывал актуальные научные исследования, уверенно определял перспективы развития науки по соответствующей отрасли, всегда умел выбирать наиболее целесообразные методы и средства проведения научных исследований и разработок.

С 2011 года по настоящее время являлся ответственным секретарем редакционной коллегии научно-образовательного журнала Национального университета обороны «Хабаршы-Вестник», который включен в перечень изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере науки и высшего образования Республики Казахстан.

В процессе военно-педагогической деятельности прошел должности от преподавателя до начальника кафедры истории войн и военного искусства университета. Принимая участие в учебном процессе с докторантами и магистрантами, был одним из лучших методистов в Национальном университете обороны.

При непосредственном участии полковника А. А. Мартынова была создана специализированная выпускающая кафедра истории войн и военного искусства по подготовке профессиональных военных историков в магистратуре и докторантуре.

Под его научным руководством успешно защитили докторские и магистерские диссертации более 30 офицеров Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований РК, а также офицеры Вооруженных Сил Кыргызской Республики и Республики Таджикистан, которые в настоящее время проходят службу на различных командно-штабных и военно-педагогических должностях.

Александр Александрович отличался высокой штабной культурой по разработке и оформлению боевых графических документов. Он - автор многих учебно-методических документов по проведению командно-штабных учений с докторантами и магистрантами университета.



Как руководитель управления непосредственно организовывал международные и межвузовские научно-практические и научно-теоретические конференции в университете на актуальные темы современности и долгие годы был бессменным модератором больших научных мероприятий.

Наш друг и боевой товарищ кандидат военных наук, профессор Мартынов Александр Александрович являлся примером безупречного выполнения служебных обязанностей, творческого отношения к труду, соблюдения воинской дисциплины, целеустремленности и организованности в работе.

Мы навсегда прощаемся с дорогим человеком, Сан Санымчем, как мы его все звали. Наш коллектив в его лице понес огромную утрату, лишившись важной составляющей – боевого товарища, жауынгерлік доса, военного ученого, профессора, начальника управления исследования военной истории и педагогики, и просто исключительно хорошего человека.

В такие печальные минуты заметнее становятся качества личности ушедшего человека и острее чувствуется то, чем и кем он был, значимость того, что он делал. Оборачиваясь назад, становясь особенно ярко заметны его интеллект, опыт, ум и безупречный профессионализм. Безусловно, это был один из самых ярких и ценных членов нашего научного подразделения.

Он вырос в офицерской семье, является сыном ветерана Вооруженных Сил Казахстана, участника боевых действий в Анголе - генерал-майора Александра Алексеевича Мартынова, который является «живой легендой» казахстанской армии. Наш Сан Санымч продолжил славные традиции семьи. Как и его отец, при непосредственном участии которого проходило становление Вооруженных Сил независимого Казахстана, его отличала особая внимательность как к

деталю профессии, так чуткостью к людям.

Александр Александрович завоевывал симпатии сослуживцев своим умением понимать людей и налаживать доброжелательные прочные отношения, основанные на взаимном доверии и долгосрочном сотрудничестве. Поэтому у него всегда было много друзей, деловых контактов и крепкая, дружная семья. Помимо этого, его отличала высокая внутренняя культура, выдающиеся нравственные качества и личное обаяние.

Полковник Мартынов умел спокойно, конструктивно и эффективно (и это – самое главное) решать самые сложные задачи, добиваясь максимальных результатов.

Для своих сослуживцев и для меня лично отношения с ним останутся примером искренней дружбы, войскового товарищества. Он многое сделал для развития нашей военной науки и военного образования. Дорогие друзья, родные и близкие Сан Санымча, примите самые искренние соболезнования. Нам всем будет очень его не хватать.

Полковник Айдар БЕРДИБЕКОВ, начальник Военного научно-исследовательского центра Национального университета обороны имени Первого Президента РК

Слово отца

13 марта 2023 года меня и мою семью постигло страшное горе. Умер мой единственный сын – полковник Мартынов Александр Александрович, заместитель начальника научно-исследовательского института – начальника управления исследований военной истории и педагогики НИИ военного искусства Военного научно-исследовательского центра Национального университета обороны имени Первого Президента РК.

Получив страшное известие, экстренно прибыл к месту смерти сына в 3 часа 30 минут 14 марта в НУО, где офицеры встретили меня, жену и детей сына очень сердечно, с человеческой теплотой, искренним сочувствием семейному горю.

Руководство Национального университета обороны, все сослуживцы сына проявили лучшие человеческие качества офицеров-казахстанцев. Особую благодарность я и моя семья выражаем начальнику Национального университета обороны имени Первого Президента РК – генерал-майору Алкенову Луту Сапуовичу, его коллективу за порядочность, за достойное воспитание офицеров новой формации для нашего государства, которые все организационные вопросы взяли на себя, вплоть до похоронения сына.

Горе отца и семьи безмерно, но имеет место и чувство удовлетворения, что моя служба в Вооруженных Силах РК и служба сына в армии Казахстана не были напрасны.

Господин Министр обороны Республики Казахстан! Спасибо Вам за труд во благо повышая оборонноспособность нашего государства!

Благословенно государство, имеющее такой народ, благословен народ, имеющий такую армию.

Честь имею, генерал-майор Вооруженных Сил РК в отставке Мартынов А. А.



ИІРІМ

МЕРЕЙЛІ
МЕРЕКЕ

Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айқындайтын мерейі тасыған ұлы мереке.

Майя АЙҒАЗЫҚЫЗЫ

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына орай Семей гарнизонындағы 32355-К әскери бөлімі гарнизондық офицерлер үйінің әскери қызметшілері мен көркемөнерпаздары қазақтың «Беташар» салт-дәстүрінен көрініс ұйымдастырды. Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Ұйымдастырылған шара гарнизондық офицерлер үйінің өнертанушысы Ахметова Сауле Каримовнаның жетекшілігімен өтті.

ӘЗ-НАУРЫЗ
МЕЙРАМЫНА
АРНАУ

*Лударыспақ, көкпар, бәйге тағы бар,
Теңге ілу, садақ тарту жағы бар.
Тарбәсесі отбасынан басталған,
Қазағымның рухы биік, бағы бар!*

*Жақсарсын тек егеменді ел енді,
Қорғаушысы айбынды әскер беделді.
Шын болаттық мақамымен шырқадым,
Елжандылық шын болсын деп өлеңді!*

*Айбынды әскер әр бастамаң оң болсын,
Елің үшін бағыт алсаң, жол болсын.
Қазақстан ең қуатты ел болып,
Қарулы Күш қуатты да зор болсын!*

*Әскерлерде әлімжеттік болмасын,
Жауынгерлер елін, жерін қорғасын.
Сарбаздарым аман елге оралсын,
Қыдыр бабам «Әулин» десін, қолдасын!*

*Ел қорғаушы азаматым, арысым,
Алға бассын елің үшін әр ісің.
Батыр ата-бадамыздың жолын қу,
Жаннан биік қойған ар мен намысын!*

*Ұлысымның ұлы күні оң болсын,
Сапар шексең, ел қорғауда жол болсын.
Әз-Наурыз мейрамы күні тілерім,
Ырыс қонып, бақ-береке мол болсын!*

Марат Тұрабаев

*Әз-Наурыз мерекесі игілік,
Бағыттайтын құрметтеуге сый қылып.
Оянатын көктем келіп тіршілік,
Жер-ананың тамырларын игіріп!*

*Еріген қар табиғаттың досы ғой,
Дін мұсылман тойлайтын той - осы той.
Шырша кесіп, ойыншықтарды ілмей-ақ,
Тұл жайнаған шын Жаса жыл осы ғой!*

*Өкпе-наздар өткен шаққа тасталып,
Көңіліміз қуанышпен шаттанып.
Бар адамзат қуандырған бір-бірін,
Алғашқы күн алғыс күннен басталып!*

*Алтыбақан теуіп жастар сырласқан,
Ақсүйекпен асыр салып, қырды асқан.
Әрбір күні татулыққа жол салып,
Алғыстан соң қауышуға ұласқан!*

*Тұсаукесу, тілашар мен бесіктой,
Үлкендерден тәлім алып өстік қой.
Халқымыздың дәстүр-салты - қазына,
Ұлт пен ұлыс назар салып естіп қой!*

ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫН
ТӘРБИЕЛЕГЕН ТОҚСАН
ЖАСТАҒЫ КЕЙУАНА

Ұлты неміс болса да, жастайынан қазақ елінің қуанышына да, жұбанышына да ортақтасқан апамыз Спасск оқу-жаттығу полигонына қарасты қалашықта тұрып жатыр. Қаршадай жасынан қару кезеңдерді көріп, тағдырдың қиын кезеңдерін басынан өткерген, ақшаулықты ана тоқсанның төріне келсе де, сеніміне селкеу түсірмей келе жатқан өнегелі жан – Разия Асанова.

«Бейнеттің зейнеті бар» дегендей, әр сынақтың артында бір жақсылық тұрады. Бүгінгі бейбіт күнде, бейбіт елде бостандықта бейқам өмір сүріп жүрудің өзі бір ғанибет емес пе?! Разия апамыз шынында да құрметке лайық жан. Эльза Петровна, қазақылп қойған есімі Разия Асанова, екінші дүниежүзілік соғыста туған жерінен кетуге мәжбүр болған жандардың қатарынан. Небәрі бес жасында Германиядан Қазақстанға жер аударылған бүлдіршін, ата-анасынан айырылып, өзіне беймәлім жерде жаңа өмірін бастайды. Петропавл қаласында бір жыл ем алып, сол жердегі мейрбикемен бірге Қарағанды қаласындағы балалар үйіне келеді. Жат жерде өзін жоғалтып алмас үшін сол елге бейімделу керек екенін түсінген Эльза, қазақ тілін небәрі 3 аптада үйреніп алған көрінеді. Жастайынан еңбекке құштар, кез-келген істі дөңгелетіп әкететін жас қыздың жігері кімді де болсын таңдай қақтырады анық. Ширақ жанды

кімде болсын ұнатары анық, осылайша Эльза апамыз 19 жасында Төлеу атты азаматқа тұрмысқа шығады. Көкмөлір жеріне келін болып түскен соң ислам дінін қабылдап, атасының атына өтеді. Разия Асанова ретінде жаңа өмірін бастаған жас қыз отбасын құрып, 5 бала табады. Өкінішке қарай жолдасы жеті жыл өткен соң 36 жасында қайтыс болады. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, Разия апамыз болған жайтқа мойымай керісінше, бүлдіршіндерін жеткізудің жолын іздейді. Және ол қолынан келді деп толықтай айтуға болады. Қазір балалары – аяқтанған бір-бір маман иесі. Апамыздың бүгінде сегіз немересі, он сегіз шөбересі бар. Жолдасы майдан даласында ерлік көрсетсе, қос ұлы – әке жолын жалғаған әскери қызметкер. Әскери қалашықта ардақты әже, барша құрметке лайық дейді мұндағылар. Наурыз мейрамы қарсаңында 90 жасқа толған Разия Асанованы бүгін, «Астана» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері туған күнімен құттықтауға арнайы келген. Ақ тілегін жаудырып, құттықтауға асыққандардың бірі 36352 әскери бөлімі командирінің міндетін уақытша атқарушы – подполковник Досов Талғат Исатайұлы.

«Біз бұл кісінің қуанышымен ортақтасуға келдік. Эльза Петровнаға өмірдің мол қызығын тілейміз. Өмір бойы еңбек етіп, кәрілікке бой алдырмаған апамыздың немересі сержант Жанібек Асанов – 36352 әскери бөлімінде бөлімше командирі, мақтауға тұрарлық азамат. Өнегелі өмірі – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Фасырға жуық ғұмыры бар, қазыналы апамыздың қасымызда жүргені көңіл қуантады. Эльза анамызға деген құрмет пен қамқорлық тек мерекеде ғана емес, үнемі жүргізіліп отыруы тиіс», - деп атап өтті өз сөзінде подполковник Досов Талғат Исатайұлы.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ
КҮНІН АТАП ӨТТІ

ЖЕТИСУ ГАРНИЗОНЫ

Жақсылықтың жаршысы болған осынау Наурызды бәрі де асыға күтіп, ерекше құрметпен атап өтеді. Шуақты көктемнің ерекше күндерінің бірі – Самарқанның көк тасы еріп, күн мен түн төңелген әз-Наурыз.

Айтулы мейрамды Жетісу облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің қызметшілері де атап өтті. Наурыз мейрамын тойлауға жиналған кеште қазақтың ұлттық құндылықтары әспеттеліп, Наурыз мейрамының қадір-қасиеті ашылды. Наурызды тойлауға арнайы шақырылған қонақ зейнеткерлер ақ жарма тілектерін жеткізді. Департамент бастығы Наурыз мейрамының тарихына тоқталып, «Бұл мереке – елді ынтымақ-бірлікке баулитын, құт-береке әкелетін ерекше күн», - деді полковник Айдын Сағынбеков жиналған жұртқа ақ батасын беріп, еліміз бен жерімізге амандық тіледі.

Наурыз мейрамында «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп тілек айтылып, тағамдар әзірленеді. Ұлыс күні дастарханда тағам мол болса, сол жылы ақ мол болады деп ырымдаған. Департамент қызметкерлері ұлыстың ұлы күні жасалатын сыйлы ас – наурыз көже дайындап берді.

Ұлыстың ұлы күні тек қазақ халқы ғана емес, Азияның өзге де көптеген елдері ерекше құрметпен қарсы алады. Сондықтан да басқарма мен бөлімдер өзара бөлісіп басқа ұлттардың ұлттық киімдерін киіп, сол ұлттың ас мәзірлерін дайындап үлкен дастархан әзірледі. Сонымен қатар осы кеште қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі тұсаукесер өтіп, нәрестенің тұсауы кесіліп, артынан тұсаукесер жыры шырқалды.



Талдықорған қаласындағы Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінің оқушылары да осы шараға келіп, төгіліп әннен шашу шашты.

Қазақтың кез келген дәстүрін, әдет-ғұрпын алып қарасаң да, асыл дінімізбен біте қайнасып жатады. Сондықтан да өскелең ұрпаққа өнеге беру үшін, осы сыйды кештерді жиі ұйымдастыру қажет екенін айтты Наурыз кешін ұйымдастырушылар.

ЛАЗАРЕТТЕГІ ЛАЛАГҮЛ

Иә, бір мезгіл әскери саладағы әлемі әдемі жандарды гүлге теңеп тұрудың еш айыбы жоқ шығар. Лазареттің лалагүліне айналып үлгерген Айжан Тәжиева айналасына шуақ, қабылдауына келген жандарға қуат (шиппа) сыйлап жүр. Иә, қате түсінгеніңіз жоқ, әскери саладағылардың саулығына аса жауапкершілікпен қарайтын аталған мекеменің ақ халат киген шипагері, дәрігері...

Қасымхан ҒАЛЫМ



Әңгімеміздің әлқиссасында лазареттің Қарағанды қаласындағы әскерилерге медициналық көмек көрсететін әзірге жалғыз орталық екенін айта кетуіміз ләзім. Мұнда тек әскерилерге ғана емес, олардың отбасына да ем-дом жасалады. Ал, Айжан Қадырмақызы аталған мекемеде терапия бөлімінің жұмысын жетілдіріп отыр. Лазареттегі қызметіне келгеніне алты жыл ғана болса да алтын қол дәрігер екенін дәлелдей алды.

Бұл жерге қандай да бір медициналық оқу орнының күрөктей дипломын күдірейтіп, алып келіп, ақ халатты абзал атана салу деген арман ғана, әрине. Арнайы әскери медицина кафедрасынан тәжірибе жинақтап, білімін жетілдіріп, біліктілігін арттырып алмаса, мұнда бас соғу деген бос әурешілік қана. Одан кейін барып, адал қызмет етуге ант қабылдап, алдыңғы шепте қызмет көрсете отырып, шен алады. Осындай жолдан өткен жас жауқазын 2017 жылдың тамызы айында лазареттегі қатарға қосылады. Жас дәрігердің мұндай жерден еңбек жолын бастауы асқан жауапкершілік жүктесе керек, темірдей тәртіпке өзі болаттай тәзім танытады. Жаны нәзік болғанымен, бойындағы қазақ қыздарына тән қайраткер мінезі ай өткен сайын талабын шыңдап, жыл өткен сайын жігерін жаниды.

Лазареттегілердің де жаста болса, жұмысты жапырып істейтін, ісіне ықтиятты, ықыласты жас маманның келгеніне бек қуанған еді. Аз уақыт өте қойған жоқ, жас дәрігер сенім үдесінен шығып үлгерді. Шені де өседі. Қазір медицина қызметінің капитаны. Терапия бөлімінің жұмысын жүйелі жолға қойған. Былтыр қазан айында

ғана аталған бөлімнің меңгерушісі етіп тағайындалған. Айжан Қадырмақызы – Қарағанды медицина университетінің түлегі. Университет қабырғасында-ақ «Боламын» деген болмысымен көзге түскендердің бірі екен. Жалындап тұрған жас шағында, студент кезінде бірнеше форум, түрлі курстардан қалмайтын көрінеді. Үнемі ізденісте жүргенді, оқып, зерттегенді, зерделегенді жаны сүйеді екен.

Әлі де осы қалпынан таңған емес. Жақында ғана Алматыдағы әскери медициналық орталықтан жалпы терапия курсынан біліктілігін арттырып келгені сөзімізге дәлел бола алады.

Айтпақшы, Арыс қаласындағы жарылыс еліміздің жанын жабырқатып еді ғой. Мұны еске салайық деген ойымыз жоқ, тек сол кезде апат салдарын жоюға Қарағандыдан жәрдемге бірнеше сала өкілдері жұмылдырылғанын. Солардың қатарында Айжан Тәжиева да болғанын атап өту үшін өткенді әңгімемізге арқау қылып отырмыз. Іріктеп әкеткендердің қатарына мықты маман болғандығынан іліккенін ішіңіз сезіп отырған шығар. Әйтпесе, қан-қысым өлшеп, иің салып, алғашқы көмек көрсете алатын ақ халаттылар көп қой. Сол кезде де осы Айжан Тәжиева абыройлы еңбек сіңіре алды.

Жыл сайын өтетін Айбын атты әскери жиында да Айжан Қадырмақызы төбе көрсетіп жүреді. Сарбаздардың күш сынасатын сайысы болғандықтан дәрігердің бақылауынсыз өтпейтіні әмбебап аян. Оның үстіне Айжан секілді білгір медицина маманы мұндай ауқымды шарадан қалай шет қалсын!?

Ковид кәріне мініп тұрған тұста да міндетін мінсіз атқарғандардың бірі осы – Айжан Қадырмақызы. Министрлік Айжанды Астана қаласындағы Бас әскери клиникалық госпитальға алдырады. Абыр-сабыр ол тұста қарапайым халықты да осы мекемеде қабылдап, ем-дом көрсетті. Сонда Айжан секілді алғыр мамандардың арқасында қанша адам жарық дүниеге қайта қауышту десенсіңіз! Айжан Қадырмақызы ұлылар қызмет атқарған Омбы қаласында дүние есігін ашқан. Талапшыл мінезінің тегін емес екендігін енді түсінген шығарсыз? Кейін үй-шімімен бірге Солтүстік Қазақстан облысы, Шоқан Уәлиханов ауданындағы Кішкенекөл ауылына көшіп келеді. Мектепті сол жақтан тамамдайды. Қарағанды медицина саласының озықтығын елден естіп алып, бала арманы Арқаға алып келеді. Осы жақтан бақтың кезіктіріп, қазір беделді шаңырақтың келісі келіні атанып отыр.

Айжан қолы қалт ете қалса, қара домбыраны қолына алады. Өзінің есімімен аттас «Айжанқызы» атты халық күйін, «Адай» және «Жастар» күйін шебер тартады. Онымен қоса, әдемі гүл өсірумен әуестенеді. Әсіресе, лалагүлін ерекше ұнатады екен. Біздің де бірден лазареттегі лалагүл деп айдар тағып жіберуіміздің себебі осы, қадірлі оқырман. Иә, әлгі әсем гүлден бал алынатыны секілді, әскерилер Айжан Қадырмақызынан жанына шуақты да, еміне шипаны да алады.

СПОРТ –
БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІСІ

ГВАРДЕЙСК ГАРНИЗОНЫ

Гвардейск гарнизонында спорттық іс-шара өтті. Құрлық әскерлеріне қарасты оқу орталығы басшылығының ұйымдастыруымен гарнизондағы спорт кешенінде волейболдан жарыс ойыны өтті.

Шараға гарнизондағы барлық әскери бөлімдер қатысты. Онда әр әскери бөлімнен әйелдер командасы құрылып, ойын көрсетті.

Шарадағы командалардың мақсаты 30212 әскери бөлімі командирінің ауыспалы кубогын жеңіп алу болатын. Ойын барысында қатысушы командалар қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жақсы ойын көрсете білді. Бұл шара жыл сайын дәстүрге

айналғанын айта кеткен жөн. Ойын соңында жеңімпаздар анықталып, 30212 әскери бөлімінің «Сұңқар» командасы бірінші орынды жеңіп алса, 21450 әскери бөлімінің «Танкішілер» командасы екінші орын алды. Ал үшінші орынды 15632 әскери бөлімінің «Жігер» командасы иеленді. Шара соңында жеңімпаз командаларға ауыспалы кубогы, медальдар, грамоталар мен сыйлықтар табыс етілді.



АКТУАЛЬНО

СІЗ БҰЛ ТУРАЛЫ БІЛДІҢІЗ БЕ? / А ВЫ ЗНАЛИ ПРО ЭТО?

ДАШБОРД ПО САМЫМ АКТУАЛЬНЫМ ВОПРОСАМ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

Необходимую информацию по различным направлениям граждан может получить путем наведения своего телефона или же считывания QR- кода и перехода на сайт, на котором расположена та или иная информация.

МҚК ШҚ/ПС КНБ



ҚР МҚК/СГО РК



ҚР ҚК/ВС РК



ҚР ҰҰ/НГ РК



ҚР ТЖМ/МЧС РК



ЖАЛПЫ АҚПАРАТ / ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ



ОНЛАЙН-ҚАБЫЛДАУ / ОНЛАЙН-ПРИЕМНАЯ



ЖЕРГІЛІКТІ ӘСКЕРИ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ
БАЙЛАНЫСТАРЫ



КОНТАКТЫ МЕСТНЫХ ОРГАНОВ ВОЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР / ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ



Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару
Постановка и снятие с воинского учета военнообязанных и призывников

Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру
Выдача военных билетов или их дубликатов (временных удостоверений взамен военных билетов) офицерам, сержантам, солдатам запаса

Азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау
Подготовка граждан по военно-техническим и другим военным специальностям

Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру
Предоставление отсрочки от призыва

Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды автоматты түрде беру (ПИЛОТ)
Предоставление отсрочки от призыва на срочную воинскую службу в автоматическом формате (ПИЛОТ)

Мерзімді әскери қызметке шақырудан босату
Предоставление освобождения от призыва на срочную воинскую службу

Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)
Актуализация (корректировка) сведений о воинской службе

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ / ПРИЗЫВ НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ



«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚРЗ
ЗРК «О воинской службе и статусе военнослужащих»

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу қағидалары
Правила организации и проведения призыва граждан Республики Казахстан на воинскую службу

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары
Правила воинского учета военнообязанных и призывников

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ / ПРИЕМ НА ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ ПО КОНТРАКТУ



«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚРЗ
ЗРК «О воинской службе и статусе военнослужащих»

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидалары
Правила прохождения воинской службы в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан

Келісімшарт бойынша қызмет
Служба по контракту

SARBAZ

ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі: «ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Бас продюсер
Алима УНГАРБАЕВА

Тілшілер:
Меруерт САФАЕВА
Рима ӘБЕУОВА
Нариман ДЮСЕНОВ

Дизайнер
Адил ШЕРИМБЕТОВ

Бөлім меңгерушісі
Тимур АУБАКИРОВ

«Шығыс» Өңқ аймақтық тілші
Алуа ИСКАКОВА
«Астана» Өңқ аймақтық тілші
Фархат КИНЖИТАЕВ

Корректорлар
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Анель ЗРКИНБАЕВА

Бөлім меңгерушісі
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

«Оңтүстік» Өңқ аймақтық тілшілер
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әрқес сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Вебсайт: www.sarbaz.kz
Тел/факс: 8 (7172) 25-21-63
E-mail: INFO@SARBAZ.KZ
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б
Көлемі: 3 б. т.
Офсеттік басылым.
Индекс 604 8
Таралымы 2902 дана
Тапсырыс №13
Номер кезекшісі
Меруерт САФАЕВА

